

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Жансая»  
облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде  
анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туралы  
жиналысының  
ХАТТАМАСЫ  
№ 4**

Кентау қаласы

15.08.2024жыл

Төрағасы: Ж.Жүрүмбаева – басшысы

Қатысушылар: Кәсіпорынның персоналы. *(Дәрігерлер, өзге де қызметкерлер)*

Хатшы: Қ.Уытов - МСА есепшісі.

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:**

**Тақырыбы:** «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туралы».

**Төрағалық етуші орталық басшысы Ж.Жүрүмбаева** жиналысты ашық деп жариялап, кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тізбектеп өтті: Атап айтқанда:

- Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.
- Мекемеге қызметкерлер қабылдау кезіндегі бұйрықтары ҚР ЕК заңнама талаптарына сай емес.
- Мекемелермен жасалған келісім шарттарда жұмыстың аяқталуы туралы акті өткізілмей тұрып қаражат аударылған фактілер орын алған, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін. *(Мысалы: Кәсіпорынның "Таңнұр" ЖК-мен түзген № 010840002383/230039/02 36-3 шартының «Баға ұсыныстарын сұрату әдісі» арқылы жасалғаны анықталды. "Таңнұр" ЖК –і 2023 жылдың 27 желтоқсанда №230039/02/5 орындалған қызметтер актісін жіберген. Бірақ-та тапсырыс беруші тарапынан 2023 жылдың 17 қарашада №244 төлем құжатымен ақша аударылған. Кәсіпорынның "Sardar" ЖК-мен түзген 010840002383/230039/02 129 келісім шартының «Баға ұсыныстарын сұрату әдісі» арқылы*

жасалғаны анықталды.. Келісім шарт сомасы 821800,0 теңгені құрады. Алайда тапсырыс беруші тарапынан 2023 жылдың 27 желтоқсан №332 төлем құжатымен ақша аударылған. Кәсіпорынның "Айти Плюс» ЖК-мен түзген № 010840002383/230039/02 33-3 шартының «Баға ұсыныстарын сұрату әдісі» арқылы жасалғаны анықталды. " Айти Плюс" ЖК-і 2023 жылдың 27 желтоқсанда №230039/02/5 орындалған қызметтер соңғы актісін жіберген. Бірақ-та тапсырыс беруші тарапынан 2023 жылдың 17 қарашада №259 төлем құжатымен ақша аударылған.)

Жеке құрам, негізгі қызмет бойынша шығарылған бұйрықтар ресми түрде рәсімделуі, мұқияттылыққа мән беру, құзыреттіліктің сақталуы бойынша жұмыстарды қатаң түрде Заң және нормативті-құқықтық актілердің аясында жүргізілуі керек екендігі кадр қызметіне түсіндірілді.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары, кадр саясаты, жұмысқа қабылдау кезінде қолданыстағы заң талаптарын, нормативті құқықтық актілерді, ішкі нормативтік құжаттамалардың, мұқияттылыққа мән беру, құзыреттіліктің сақталуы бойынша жұмыстарды қатаң түрде нормативті-құқықтық актілердің және Заң шеңберінде жүргізілуі керек екендігі кадр қызметіне түсіндірілді.

Мемлекеттік сатып алу Заңнамаларына орындалған жұмыстардың мерзімі жыл соңына дейін болуына байланысты оның қаржысы ішінара аударылатындығын, тауарлар жеткізілгеннен соң, қызметтер көрсетілгеннен соң қаржылары аударылатындығы МСА есепшісі мен бас бухгалтерге, қойма менгерушілеріне түсіндірілді. Мердігерлермен ешқандай жымысқы сөзбайласушылыққа бармауға, өз құзіретін асырасілтеушілікке бармау қажет екендігі түсіндірілді.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне байланысты бірқатар сұрақтар аясында талқылау, зерделеу жүргізілді, мардымды сұрақтар қойылды, ұсыныстар жасалды.

**Қаулы:**

Кәсіпорында сатып алуды ұйымдастыру барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 540 тармақшасына сәйкес жасалсын. Қадағалау бас есепші А.Доркуловаға жүктелсін.

**Жиналыс төрағасы:**

**Ж.Жүрүмбаева**

**Хатшы:**

**Қ.Уытов**

